Н. М. ӘБДІРОВ,
Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаты,
«Нұр Отан» партия жанындағы
Құқықтық кеңесінің төрағасы

# ҚҰРМЕТТІ МАҚСҰТ СҰЛТАНҰЛЫ ЖӘНЕ УНИВЕРСИТЕТ ҰЖЫМЫ!

Сізді және Сіз басқаратын ұжымды Қазақ Гуманитарлық Заң Университетінің 20 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын!

Аталған білім шаңырағы – еліміздің үздік жоғары заң оқу орындарының бірі, көптеген халықаралық стандарттарға сәйкес келеді, профессорлық-оқутышылық құрамына білікті де білімді мамандар кіреді, олар оқыту процесінде қазіргі заманғы әдістер мен технологияларды пайдаланады.

Ең бастысы, университеттің ұжымы Қазақстан Республикасының заң шығару саласына елеулі үлесін қосып келеді және «Нұр Отан» партиясының жанындағы Құқықтық кеңесінің жұмысына да белсенді түрде қатысады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың көреген саясатының арқасында гүлденіп келе жатқан Отанымыздың одан әрі өркендеуі мен жан-жақты дамуына, болашағымыздың кемел де жарқын болуына, Қазақстанның заңды егемендігінің орнығуына бағытталған игі істеріңіз әрдайым оң болып, асыл армандарыңызға жете берулеріңізге тілектеспін!

Осы салтанатты әрі маңызды күні Сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға береке-бірлік және толағай табыс тілеймін.